

**Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің мәселелері**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1779. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.08.05. N 743 қаулысымен. ~P980743

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет орталық

аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет аумақтық органдары аппаратының шекті штат саны 423 адам болып және 15 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1779 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті (Монополияға қарсы комитет) туралы

## ЕРЕЖЕ

Миссиясы - еркін бәсекелестікті ынталандыру, монополиялық қызметті шектеу, адал емес бәсекелестіктің жолын кесу, табиғи монополиялардың қызметін мемлекеттік реттеу, тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті ( бұдан әрі - Комитет) - Қазақстан Республикасының дербес арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен келісімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет - заңды тұлға болып табылады, Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі бар.

4. Комитеттің аппаратын және оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

### II. Басымдықтары

5. Комитеттің басымдықтары:

баға, бәсекелестікті дамыту, монополистік қызметті шектеу, тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеп, іске асыру;

монополияға қарсы заңның сақталуын қадағалау;

табиғи монополия субъектілері мен мемлекеттік органдардың тауарларға, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге бағалары мен тарифтерін реттеу.

### III. Негізгі міндеттері

6. Комитеттің өз қызметінің саласындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

монополиялық қызметтің, оның нарықтағы үстем жағдайын теріс пайдалануының алдын алу және оған жол бермеу, адал емес бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қолдану;

тауар және қаржы нарықтарында жекелеген шаруашылық субъектілерінің үстем болу деңгейін бақылау;

табиғи монополия және мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер саласында баға мен тариф белгілеудің орынды әдістерін әзірлеп, енгізу;

тұтынушылардың мүдделерін қорғау және тұрғын үй-коммуналдық реформалар жүргізу жөнінде заңдардың жобаларын және нормативтік құқықтық актілер енгізу.

### IV. Комитеттің функциялары

7. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

үстем жағдайға ие, бәсекелестікті шектейтін және монополиялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерін анықтау мақсатында нарыққа талдау жүргізеді;

нарық жұмысына және бәсекелестікті дамытуға қатысты заң жобалары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге сараптаманы жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне нарықтың жағдайы мен ондағы бәсекелестік туралы баяндамалар, монополияға қарсы заңдар мен оларды қолданудың практикасын жетілдіру туралы ұсыныстар жолдайды;

өзара алмастырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулер нарықтары тұтынушыларының қолы жетерлік шегін айқындайды;

нарықта шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін іс жүргізу ережелерін әзірлейді және енгізеді;

монополияға қарсы заңдардың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады;

монополияланған тауар және қаржы нарықтарын монополиясыздандыру жөнінде шаралар әзірлейді және іс жүзіне асырады;

табиғи монополия субъектілерін құрылымдық қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияшы-шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік регистрін және Қазақстан Республикасының Монополияшы-шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастырады және жүргізеді;

табиғи монополияшы кәсіпорындардың өнімдеріне, жұмыстары мен қызмет көрсетулеріне және орталық, жергілікті атқарушы органдардың қызмет көрсетулеріне арналған бағалар мен тарифтерді реттеуді жүзеге асырады;

табиғи монополия субъектілерінің іс жүзіндегі шығындарына бақылау жасайды;

ұдайы төлем жасау қабілеті болмаған жағдайда, монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілерге қатысты сауықтыру қызметін тоқтату немесе банкроттық ресімін қолдану жобаларын келіседі;

кәсіпорындардың мүліктерін немесе акционерлік қоғамдар акцияларының бақылау пакеттерін, үлестері мен пайларын сатып алуға, сондай-ақ сенімді басқаруға беруге қорытынды береді;

нарықта монополияны болдырмау мақсатында акционерлік қоғамдардың қосылуына қорытынды береді;

мемлекеттік және өзге де органдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау, тұрғын үй-коммуналдық реформаларын жүргізу жөніндегі іс-қимылын үйлестіреді, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шет елдердің мемлекеттік органдарымен және үкіметтік емес ұйымдармен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық ұйымдастырады;

Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен оларды іс жүзіне асыруға қатысады.

## V. Құқықтары

8. Комитеттің өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруы кезінде: өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық және ұйымдастырушылық - өкімдік актілер шығаруға;

шаруашылық жүргізуші субъектілерді монополияшылар деп тану туралы шешім қабылдауға;

өз құзыретінің шегінде монополияға қарсы заңдардың бұзылуы туралы

істерге тексеру жүргізуге және қарауға, кінәлілерді әкімшілік жауапкершілікке тартуға;

шаруашылық жүргізуші субъектілерге қолданылатын монополияға қарсы реттеу әдістері туралы шешімдер қабылдауға;

табиғи монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілердің өніміне, қызмет көрсетулеріне және мемлекеттік органдардың көрсететін қызметтеріне бағалар мен тарифтер белгілеуге;

табиғи монополияшылардың өнімдеріне, жұмыстарына, қызмет көрсетулеріне бағаларды өзгерту мәселелері бойынша көпшілік тыңдаулар жүргізуге;

табиғи монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілердің материалдық құндылықтар сатып алуына тендерлер өткізуге қатысуға;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды тұлғалар мен азаматтардан өзінің белгіленген мерзімдеріне, оның міндеттері мен функцияларын іс жүзіне асыруға қажетті ақпарат сұрауға және оны алуға;

Комитет құзыретінің шеңберінде мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге заңдардың бұзылуын жою туралы орындалуға міндетті ұйғарымдамалар енгізуге;

орталық және жергілікті атқарушы органдарға монополияға қарсы заңдарды және тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңдарды бұзып, не оларға қайшы қабылданған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қабылдаған шешімдерінің заңда белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара күші жоқ деп тануға;

шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бағаның мемлекеттік тәртібін бұзулары нәтижесінде алған сомаларын бюджет кірісіне алу туралы шешім қабылдауға;

Комитет алқасының мәжілістерінде Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік басқару органдарының, шаруашылық жүргізуші субъектілердің лауазымды тұлғаларын тыңдауға;

тексерістер мен сараптамалар жүргізуге басқа мекемелер мен ұйымдардан мамандар тартуға;

бағаның мемлекеттік тәртібінің, монополияға қарсы заңдардың, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдардың бұзылуын жою мақсатында сотта іс қозғауға, сондай-ақ үшінші тұлғалардың талаптарын қолдауға;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша өз құзыретінің шегінде халықаралық шарттар мен келісімдер жасауға;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін аумақтық органдарға беруге құқығы бар.

## VI. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

9. Комитетті Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

10. Төрағаның Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары - Атқарушы директоры болады.

11. Комитеттің төрағасы:

Комитеттің қызметіне басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің, оның бекіткен регламентіне сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің қарауына енгізеді;

орынбасарының және аумақтық органдар басшыларының міндеттерін бөледі;

Комитет орталық аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

қызметкерлер санының және еңбекақы қорының белгіленген шеңберінде Комитеттің штат кестесін, бөлінетін қаржы шеңберінде оны ұстауға арналған шығыстардың сметасын бекітеді;

Комитет орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретінің шеңберінде бұйрықтар шығарады;

тәртіптік жазалар қолданады;

заңда белгіленген тәртіппен Комитет орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерін құру немесе тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз құзыретінің шеңберінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

Комитеттің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды, өз өкілеттіктерінің бір бөлігін Комитеттің аумақтық органдарына береді және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына жеке жауап береді.

12. Комитет қызметінің аса маңызды мәселелерін шешу үшін Комитет

төрағасы басқаратын алқа құрылады.

Алқаның шешімдері қаулылар нысанында шығарылады және оларға Комитет төрағасы қол қояды.

13. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес монополияға қарсы заңдарды бұзушылықтар туралы істерді қарау үшін Комитетте және оның аумақтық органдарында Әкімшілік комиссиясы құрылады.

Әкімшілік комиссиясының жеке құрамын тиісті Комитеттің төрағасы бекітеді

14. Облыстар мен Алматы қаласы бойынша Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер (бұдан әрі - Монополияға қарсы комитеттер) Комитеттің аумақтық органдары болып табылады.

Монополияға қарсы комитеттер аймақтарда Комитеттің функцияларын орындайды, Комитет берген өкілеттіктер көлеміндегі құқықтарды пайдаланады және оған есеп береді.

Монополияға қарсы саясат комитеттерінің төрағаларын облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен келісіп Комитеттің төрағасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

15. Комитет жанында Комитет қызметінің барлық бағыттары бойынша,

оның ішінде тексерістер жүргізуге көмек көрсету үшін Сараптама кеңестері құрылуы мүмкін.

Сараптама кеңестерінің жеке құрамы ғалымдар мен мамандардан, Қазақстан Республикасы Комитетінің, басқа министрліктер мен ведомстволарының, қоғамдық ұйымдардың, халықаралық ұйымдардың қызметкерлерінен құрылады және оны Комитет төрағасы бекітеді.

16. Комитет орталық аппаратының құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

17. Комитетті тарату мен қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 18 желтоқсандағы  
N 1779 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Баға және монополияға

қарсы саясат жөніндегі комитетінің

## ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Монополияға қарсы заңдардың сақталуын қадағалау  
басқармасы

Табиғи монополияларды реттеу басқармасы

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тұрғын үй реформалары  
басқармасы

Ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі